

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz



ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІНДЕГІ
ҚАУІПСІЗДІК
ТАЛАПТАРЫН САҚТАЙЫҚ!
» 5



АДАЛДЫҚ
- АҚ ХАЛАТТЫ
АБЫРОЙДЫҢ АЙНАСЫ
» 5



ШҮ ӨҢІРІ

Шуская долина

№63 (10074)
СЕНБІ
8 ТАМЫЗ,
2026 ЖЫЛ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы)

WWW.SHUONIRI.KZ

Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана-да өтіп жатқан Жасанды интеллект бойынша ІІІ халықаралық олимпиаданың ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Президент сөзінде еліміз цифрлық даму тұрғысынан стратегиялық таңдау жасағанына тоқталды.

– Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті дамыту индексінде 193 мемлекеттің арасынан 24-орын алады. Жаңа технологияларды енгізуге әзірлік деңгейі бойынша еліміз Орталық Азияда көш бастап тұр. Біз бірыңғай инновациялық экожүйе құрып жатырмыз. Мұнда жасанды интеллект мемлекетті, экономиканы, бизнесті басқарудың маңызды тетігі ретінде қоғам өмірінің барлық саласына дендеп енеді. Былтырғы Жолдауымыда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша нақты міндет жүктедім. 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау да – осы стратегиялық бағдарды жүзеге асыруға бағытталған қадам. Бұдан бөлек, инновацияға иек артатын ел дамуының негізгі бағыттары 1 шілдеде күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясында анық көрсетілген. Бұл – барлық үдерістің басы ғана, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз сапалы білімге, дарынды балаларды жан-жақты қолдауға баса назар аударатынын айтты.

– Былтыр Бейжінде өткен Жасанды интеллект бойынша олимпиададан Қазақстан оқушылары үш алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Ел мерейін асыратын бұл жетістік жастарымыздың зияткерлік

және шығармашылық әлеуетінің зор екенін көрсетеді. Орайлы сәтті пайдалана отырып, талантты өрендерімізге бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздар мен тәлімгерлерге алғыс айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл олимпиада жасанды интеллекті зерттеуші жастардың халықаралық қауымдастығының дамуына үлкен серпін беретініне сенім білдірді.

– Білім қай заманда да халықты біріктіріп, адамзатты өркениеттің шыңына жетеледі. Сіздердің қарым-қабілеттеріңіз медицина, білім, экология және басқа да өте маңызды салалардағы тың шешімдерге негіз бола алады. Дәл осы олимпиадада әлемді өзгертетін жаңа идеялар мен жобалар дүниеге келуі мүмкін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев олимпиада қатысушыларына сәттілік тілеп, осы маңызды шараны ұйымдастыруға үлес қосқан барша азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

Салтанатты рәсімде Sinovation Ventures және 01.ai компанияларының бас директоры Ли Кай Фу, Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиада кеңесінің төрағасы Елена Маринова, Қазақстанның спорттық бағдарламалау федерациясының президенті Бағдат Мусин, Kaspi.kz негізін қалаушылардың бірі Михаил Ломтадзе және Freedom Holding Corp. компаниясының бас атқарушы директоры Тимур Турлов сөз сөйледі.

Іс-шара барысында Мемлекет басшысы халықаралық олимпиаданың құрылымымен, байқау тапсырмаларымен және автономды роботтың мүмкіндіктерімен танысты.

Akorda kz

Өңір тынысы

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 121,9 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ

Жамбыл облысында мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында 121,9 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, саладағы өсім 3,3 пайызды құрады. Бұл туралы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әбдірасіл Желеубаев мәлімдеді.

Басқарма басшысының айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 50 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде субсидиялауға – 36,5 млрд теңге, «СҚО тәжірибесін тарату» жобасына – 6,5 млрд теңге, ал «Ауыл аманаты» бағдарламасына 7 млрд теңге қарастырылған.

Жыл басынан бері 6,5 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге 28,3 млрд теңге субсидия төленсе, қаржы институттары мен микроқаржы ұйымдары арқылы 339 агроқұрылымға 9,2 млрд теңге көлемінде несие берілген.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде өңірде 121,9 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, саладағы өсім 3,3 пайызды құрады.

Биыл облыстағы егіс алқаптарының жалпы көлемі 654,9 мың гектарға жетті. Оның ішінде дәнді және дәнді бұршақты дақылдар – 377,2 мың гектарға, майлы дақылдар – 43,4 мың гектарға, қант қызылшасы – 9,9 мың гектарға, картоп – 8,6 мың гектарға, көкөніс – 29,0 мың гектарға, бақша дақылдары – 9,0 мың гектарға, ал мал азығы дақылдары 177,6 мың гектарға орналастырылған.

Қазіргі таңда облыста егін жинау науқаны қарқынды жүргізілуде. Дала жұмыстарын уақытылы әрі сапалы атқару үшін өңірге 8,3 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Оның шаруаларға босату бағасы литріне 288 теңге болып белгіленген. Бұл нарықтағы бағадан 47–52 теңгеге,

яғни шамамен 13 пайызға төмен.

Бүгінгі күнге дейін өңірге 1,7 мың тонна дизель жеткізіліп, оның 407 тоннасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне таратылған.

Егін орағы барысында масақты дәнді дақылдардың 257,3 мың гектары орылып, 483,2 мың тонна астық жиналды. Оның ішінде 221,6 мың тонна бидай және 261,6 мың тонна арпа бар. Өткен жылы орташа өнімділік гектарына 7,6 центнер болса, биыл бұл көрсеткіш 18,8 центнерге жетіп отыр.

Сонымен қатар картоп, көкөніс және бақша дақылдарын жинау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда 53,8 мың тонна картоп, 195,2 мың тонна көкөніс және 151,6 мың тонна бақша өнімі жиналды.

Мал шаруашылығы саласында да

оң өсім сақталуда. Жалпы мал басы 4,4 млн басқа жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 7,3 пайызға артқан. Оның ішінде ірі қара – 515,5 мың бас, қой – 3,6 млн бас, жылқы – 217,6 мың бас, құс саны 2,3 млн басқа жеткен.

Сондай-ақ облыста 110,2 мың тонна сүт, 57,6 мың тонна ет және 49,4 млн дана жұмыртқа өндірілді.

Биыл «Береке» және «Игілік» бағдарламалары аясында мал шаруашылығын дамытуға 13,2 млрд теңге бөлінді. Бағдарлама шеңберінде Австралия, Венгрия және Чехиядан 11,2 мың бас асыл тұқымды ірі қара мен ұсақ мал әкелу жоспарланып отыр. Бұл жобалар іске асқан жағдайда өңірдегі сүт өндірісі 2,5 пайызға, ал ет өндірісі 4 пайызға ұлғаяды.

Жыл қорытындысында Жамбыл облысында 3,4 млн тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жоспарланып отыр.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Жазылым – 2026

Жазылу индексі:
Кәсіпорындар мен мекемелер үшін: 81102
Жеке жазылушылар үшін: 81100

«ШҮ ӨҢІРІ»-
«ШУСКАЯ ДОЛИНА»
ГАЗЕТІНІҢ
«ҚАЗПОШТА» АҚ
БОЙЫНША
2026 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
Кәсіпорындар мен мекемелер үшін:
6 айға 1 жыл
6515,58 13031,16
Жеке жазылушылар үшін:
6 айға 1 жыл
3438,36 6876,72

АУЫЛДЫҚТАРҒА:
Кәсіпорындар мен мекемелер үшін:
6 айға 1 жыл
4140,36 8280,72
Жеке жазылушылар үшін:
6 айға 1 жыл
3438,36 6876,72

Құрметті аудан тұрғындары!

Ауданымыздың кез келген тұрғыны төменде көрсетілген нөмірге «whatsapp» қосымшасы арқылы хабарласып, «ШҮ өңірі»-«Шуская долина» газетіне онлайн жазылуына болады.

Сондай-ақ, газетке жазылу аударалық баспа үйі мен «Қазпошта» АҚ Шу аудандық филиалында жүргізіледі.

Оған қоса, басылымға жазылған әрбір адам үшін газетіміздегі мақала, құттықтау, көңіл айту, алғыс айту, хабарландыру сынды ақылы қызметтерге жеңілдіктер қарастырылған. Ол үшін қолыңызда газетке жазылғаныңызды растайтын түбіртектің болуы жеткілікті.

Газетке онлайн жазылу үшін 87023354325 нөміріне «whatsapp» қосымшасы арқылы хабарласып, нақты мәлімет аласыз.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Шу ауданындағы көпұлтты тұрғындар шоғырланған «Қант зауыты» мөлтек ауданында аудан әкімі Бақытжан Оразалыұлының халықпен кезекті кездесуі өтті. Ашық аспан астында, тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналған аллеяда ұйымдастырылған жиынға 40-тан астам тұрғын қатысып, өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салды.

Кездесу Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының маңызы туралы әңгімеден басталды. Аудан әкімі қоршаған ортаның тазалығы тек коммуналдық қызметтің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті. Ол туған жердің тазалығын сақтау, қоғамдық орындарды күтіп ұстау, ағаш отырғызу, ауаларды абаттандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру – қоғамның ортақ міндеті екенін жеткізді.

Одан кейін кездесу еркін форматтағы сұрақ-жауап алаңына ұласты. Тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерді ашық айтып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Әрбір сауал мұқият

тыңдалып, заң аясында жан-жақты түсіндірме берілді. Жедел шешуді қажет ететін мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді.

Кездесуге аудан әкімдігіне қарасты бөлім басшылары да қатысып, өз құзыреттеріне қатысты сауалдарға жауап берді. Бұл тұрғындар көтерген мәселелерді жан-жақты қарастырып, әр сала бойынша нақты ақпарат беруге мүмкіндік жасады.

«Қант зауыты» мөлтек ауданы – түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, өзара сыйластық пен келісімді берік ұстанған, береке мен бірліктің үлгісіне айналған мекен. Осындай көпұлтты ортада өткен кездесу халық пен билік арасындағы сенім мен өзара түсіністікті одан әрі нығайта түсті.



Ашық форматтағы мұндай кездесулер тұрғындардың өтініш-тілектерін тікелей тыңдап қана қоймай, жергілікті маңызы бар мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды кезек-кезеңімен шешуге жол ашады. Ең бастысы – әрбір азаматтың пікірі ескеріліп, «Халық

үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты іс жүзінде көрініс табуда.

Халықпен ашық диалог орнатуға бағытталған бұл бастама алдағы аптада да жалғасын табады. Жоспарға сәйкес, Шу ауданының әкімі Бақытжан Оразалыұлы «Қосқұдық», «Тоғай», «Батыс» және «Жайсан» мөлтек аудандарының тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, көкейдегі сауалдарына жауап береді.

Мұндай кездесулер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нығайтып, тұрғындар көтерген мәселелердің нақты шешімін табуға бағытталған маңызды диалог алаңына айналмақ.

Фарица НҰРХАНҚЫЗЫ,
«Шу медиа» ақпараттық орталығының тілшісі.



Адалдық – ақ халатты абыройдың айнасы

Жуырда Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасына қарасты Шу аудандық орталық ауруханасында медицина қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру дәрісі өтті.

Іс-шара Шу ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің тапсырысы негізінде «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілді. Кездесуге Шу ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің өкілдері, «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, сондай-ақ аудандық орталық

аурухананың дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері мен өзге де мамандары қатысты.

Жиынның басты тақырыбы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» болды. Іс-шара барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын

алу, заң талаптарын сақтау, адалдық қағидаттарын дәріптеу және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы жан-жақты түсіндірілді. Алғашқы болып сөз алған Шу аудандық орталық ауруханасының COMPLAINT-офицері Жанаткүл Бағзатқызы Беймбетова Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабына сәйкес ауруханада тәуелсіз COMPLAINT-қызметі жұмыс істейтінін атап өтті.

Баяндамасында ол еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты құқық бұзушылықтың салдарымен ғана күресуді емес, оның туындау себептерін жоюды, мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуді көздейтінін айтты. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстар Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы аясында жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. COMPLAINT-қызметі осы

мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын тәжірибеде іске асыратын маңызды тетіктердің бірі екеніне ерекше тоқталды.

Кездесу барысында «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің өкілі Шарапат Батырбекқызы Сүйімкүл сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарын түсіндіріп, қоғамда адалдық қағидаттарын орнықтырудың маңыздылығына тоқталды.

Дәріс барысында медицина қызметкерлері өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктері, COMPLAINT-қызметінің жұмыс бағыты және денсаулық сақтау саласында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету жолдары туралы кеңінен ақпарат алды.

Мұндай ақпараттық-түсіндіру кездесулері медицина саласында заң талаптарын бұлжытпай орындауға, қызметтік әдепті сақтауға және адалдық пен жауапкершілік қағидаттарын нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Шу аудандық орталық ауруханасы.

СЫЙЛАСАЙЫҚ, СЫЙЛАССАҚ ТІРІМІЗДЕ...



Туған інім **Дауымбақов Кәкімбектің** мерейлі жетпіс жасқа толуына орай көңіл толқынысының шумақтарын арнай отырып, жыр жампозы Жамбыл атамыздың жасына жетуіне тілектестік білдіремін.

Сыйласайық, сыйлассақ тірімізде, Кеше жас ең, қарттардан алғыс алған. Толдың бүгін жетпіске алыс арман. Көптің бірі болсаң да сен биіксің, Тұла бойың сомдалған намыс-ардан. Жетпісіңді тойлаймыз бірге міне, Шүкір деймін соңымда жүргеніңе. Медет тұтып өзінді пысықрмаймын, Қаппақ болған иттердің үргеніне. Рақыш өтті тойламай елун де, Бұйырыпты жетістіті көру бізге. Бір кеден тусақта, бір анадан, Бұл жалғанды жазбапты жүру бірге. Шарасызбын, қайыр жоқ өкінгенмен, Қайтармайды жаратқан өтінгенмен. Балалары, жан-жары аман болсын, Тәуба делік, көгердік кетілгенмен. Келген жоқсың бұл жасқа қара жаяу, Қыз өсірдің ұстаппай қара бояу. Сүйсінмеді ұлдарың сай тасындай, Таудан түсіп келесің дара баяу. Татулықты сыйдырған санасына, Риза болам үш үйдің баласына. Ұл қыздарын өсірген ибалы етіп, Мың алғыс балалардың анасына. Бауыр керек адамға тірлігінде, Ырыс-байлық туыстық бірлігіңде. Ағамыз жоқ, Кәкішім аман жүрші! Көңіліңді толтырып түрлі үлге. Арқа сүйеп біріміз бірімізге, Сыйласайық сыйлассақ тірімізде. Құтты болсын жетістісің тек ұмытта, Қырда жатыр мықты мен іріміз де.

Мәлібектің Сәті. Ақсу ауылы.

МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Салимов Ерлан Касымұлының 2026 жылдың 23 маусымында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би көшесі, 14 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус К.Даулабаев) жолығулары қажет. Жұмыс тел.: 3-28-42, ұялы 8778570332.

Бутабаев Асылхан Рахымжановичтің 2026 жылдың 2 наурызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Балуан Шолақ к-сі, 12 А үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Г.Атабаева) жолығулары қажет. Тел.: 87015330387.

Чернов Геннадий Николаевичтің 2026 жылдың 10 наурызында қарашасында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 14/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Гумбаров) жолығулары қажет.

Демесбаев Бауыржан Батырхановичтің 2026 жылдың 3 ақпанында мамырында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет.

Чокабаев Айдар Хоктабулатовичтің 2026 жылдың 20 наурызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет. Тел.: 2-36-29, 87017406280.

Абдраманова Алина Айнахановнаның 2026 жылдың 27 маусымында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет. Тел.: 2-36-29, 87017406280.

ОНКҮНДІК БАРЫСЫНДА

Ана сүті – сәби денсаулығының кепілі

Баланың өмірге келуі – әрбір отбасы үшін үлкен қуаныш әрі зор жауапкершілік. Дүниеге келген сәттен бастап нәрестенің денсаулығы мен дұрыс дамуы ең алдымен анасының қамқорлығына байланысты. Сол қамқорлықтың ең маңыздысы – ана сүтімен емізу. Ана сүті – жай ғана тағам емес, табиғаттың нәрестеге сыйлаған теңдессіз қорегі, иммундық қорғанысы және өмірінің алғашқы айларындағы толыққанды дамуының негізгі кепілі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен халықаралық мамандар барлық нәрестені өмірінің алғашқы алты айында тек қана ана сүтімен қоректендіруді ұсынады. Бұл кезеңде балаға су да, шырын да, қосымша тағам да қажет емес. Алты айдан кейін ғана қосымша тағам енгізіліп, сонымен қатар ана сүтімен емізуді екі жасқа дейін немесе одан да ұзақ уақыт жалғастырған жөн.

Ана сүтінің құрамында нәрестенің өсуі мен дамуына қажетті барлық қоректік заттар табиғи түрде үйлесімді мөлшерде болады. Оның құрамында ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер, минералдар, ферменттер мен гормондар ғана емес, сонымен қатар баланы түрлі инфекциялардан қорғайтын иммундық факторлар да мол.

Ең алғашқы бөлінетін қою сарғыш түсті сүт – уыз. Уыздың әрбір тамшысы нәресте үшін аса құнды. Оның құрамында иммуноглобулиндер мен қорғаныш жасушалары өте көп болғандықтан, ол жаңа туған нәрестенің алғашқы табиғи екпесі іспетті әсер етеді. Сондықтан нәрестені туғаннан кейін алғашқы сағаттың ішінде емізу өте маңызды.

Ана сүтімен қоректенген балалар көптеген жұқпалы ауруларға сирек шалдығады. Себебі ана сүті баланың иммундық жүйесін нығайтып, ағзасын бактериялар мен вирустардан қорғауға көмектеседі. Сонымен қатар ана сүті:

- * ас қорыту жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді;
- * ішек инфекцияларының алдын алады;
- * тыныс алу жолдары ауруларынан қорғанысты күшейтеді;
- * аллергиялық аурулардың даму қаупін төмендетеді;

- * семіздік пен қант диабетінің даму қаупін азайтады;
- * мидың дамуына оң әсер етіп, есте сақтау қабілеті мен танымдық дамуын жақсартыады;
- * көру қабілетінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді;
- * нәрестенің бойы мен салмағының қалыпты өсуін қамтамасыз етеді.

Ғылыми зерттеулер ана сүтімен қоректенген балалардың мектеп жасында оқу үлгерімі жоғары болатынын және интеллект көрсеткіштерінің де жақсырақ болатынын дәлелдейді.

Емізу – ана мен сәби арасындағы ерекше эмоционалдық байланысты қалыптастыратын маңызды үдеріс. Ана баласын құшағына алып емізген кезде сәби өзін қауіпсіз сезінеді, тынышталады және қоршаған ортаға сенімді бейімделе бастайды.

Емізу кезінде бөлінетін окситоцин гормоны ананың көңіл күйіне де жағымды әсер етеді. Ол босанғаннан кейінгі күйзелістің алдын алып, ананың балаға деген мейірімі мен жақындығын арттыруға ықпал етеді.

Көпшілік ана сүтінің пайдасы тек балаға қатысты деп ойлайды. Алайда емізудің ананың денсаулығына да тигізетін оң әсері өте көп.

- Ана сүтімен емізу:
- * жатырдың тез жиырылуына көмектеседі;
- * босанғаннан кейінгі қан кету қаупін азайтады;
- * ананың бұрынғы дене салмағына тезірек оралуына ықпал етеді;
- * сүт безі қатерлі ісігінің даму қаупін төмендетеді;
- * аналық без обырының даму қаупін азайтады;
- * остеопороздың алдын алуға көмектеседі;
- * отбасылық бюджетті үнемдейді, себебі арнайы сүт қоспаларын сатып алудың қажеті болмайды.

Нәрестені дұрыс емізу оның жеткілікті мөлшерде сүт емінуі және анада сүттің мол бөлінуіне мүмкіндік береді. Сондықтан баланың тек емізic ұшын ғана емес, емшек айналасындағы қара қоңыр бөліктің басым бөлігін аузына дұрыс алуына назар аудару қажет.

Нәрестені сұранысына қарай емізу ұсынылады. Белгілі бір уақытқа байланбай, бала ашыққан сайын емізу сүттің мол бөлінуіне ықпал етеді. Әсіресе



түнгі емізудің маңызы зор, өйткені дәл осы уақытта сүт түзілуіне жауап беретін пролактин гормоны белсенді бөлінеді.

Кейбір аналар алғашқы күндері «сүтім аз» деп алаңдайды. Алайда көп жағдайда бұл – уақытша құбылыс. Баланы жиі емізу арқылы сүттің мөлшері табиғи түрде көбейеді. Сондықтан дәрігердің кеңесінсіз жасанды қоспаларға асықпаған жөн.

Сүттің мол болуы үшін ана дұрыс әрі теңгерімді тамақтануы, жеткілікті мөлшерде сұйықтық ішуі, тынығуы және күйзелістен аулақ болуы қажет. Отбасы мүшелерінің қолдауы да бұл кезеңде ерекше маңызды. Егер емізу кезінде ауырсыну, сүттің тоқтап қалуы немесе басқа да қиындықтар туындаса, міндетті түрде дәрігерге немесе емізу жөніндегі маманға жүгінген дұрыс.

Ана сүті – ешқандай тағаммен алмастыруға келмейтін табиғи байлық. Ол баланың денсаулығын нығайтып қана қоймай, оның толыққанды өсіп-жетілуіне, ақыл-ойының дамуына және болашақтағы өмір сапасының жоғары болуына негіз қалайды. Сонымен бірге ананың денсаулығын сақтауға да зор үлес қосады.

Әрбір ана сабиіне өміріндегі ең жақсы бастаманы сыйлай алады. Ол – ана сүті. Сондықтан ана сүтімен емізуді қолдау – тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның маңызды міндеті. Денсаулығы мықты ұрпақ – еліміздің жарқын болашағының кепілі.

Е. ОСПАНОВА,
Шу қалалық емханасы профилактика бөлімінің меңгерушісі.

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=939492306339

Идентификатор конференци: 939-492-306-339

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: "Altynalmas Reagents" ЖШС, 081100, ҚР, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасөткел а / о, Тасөткел ауылы, Жібек Жолы аймағы, 10 ғимарат. БСН 210340015577, Атагелдиев у. м. тел. + 7-701-948-26-06, e-mail: ualikhan.atageldiyev@aaengineering.kz

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйеде танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-taibag?lang=ru

Қажет болған жағдайда, қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттардың қағаз нұсқасымен алдын ала талап бойынша танысуға болады, тел.8(7232)768276.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ЖАО-ның ресми

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: Aipur.Rakhmetova@aaengineering.kz; +77085227363.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысандағы ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ сайтында қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы:

"Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ мекенжайы: 080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі, 133а, тел.8 (7262) 45-15-03. e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Теміржол өткеліндегі қауіпсіздік талаптарын сақтайық!

Шу жол дистанциясының қызмет көрсету аумағында 8 теміржол өткелі бар. Оның ішінде 2 өткел күзетіледі, 6 өткел күзетілмейді. Аталған өткелдер Шу және Меркі аудандарының аумағында орналасқан.

Теміржол өткелдеріндегі қауіпсіздік талаптарын сақтамау ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. 2026 жылғы 27 маусымда күзетілетін теміржол өткелінде жүргізуші тыйым салынған бағдаршам белгісіне қарамастан, жабық шлагбаумды айналып өтіп, жолаушылар пойызымен соқтығысқан.

Бұл жағдай – теміржол өткеліндегі қауіпсіздік ережелерін бұзу адам өміріне тікелей қауіп төндіретінін көрсетті.

Осыған байланысты барлық жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді теміржол өткелдерінен өту кезінде жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға, тыйым салынған белгіге тоқтауға және жабық шлагбаумды айналып өтпеуге шақырамыз.

Бір сәттік немқұрайдылық – орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік талаптарын сақтайық!

ТЕМІРЖОЛ – АСА ҚАҰПТІ АЙМАҚ!

Құрметті тұрғындар! Теміржол бойында қараусыз жүрген мал – үлкен қауіп. Малдың пойыз жолына шығуы пойыздың шұғыл тежелуіне, апатқа, тіпті адам өмірінің қиылуына әкелуі мүмкін.

Шу жол дистанциясы аумағында малдың теміржолға шығып кету жағдайлары жиілеп отыр. Бір ғана қараусыз қалған малдың кесірінен жүздеген адамның өміріне қауіп төнуі мүмкін!

Мал - сіздің жауапкершілігіңіз. Малды теміржол бойына жібермеңіз, қараусыз қалдырмаңыз. Бір сәттік немқұрайдылық орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін.

Теміржолмен ойнауға болмайды. Қауіпсіздікке бірге жауапты болайық!

Шу жол дистанциясының әкімшілігі.

